

Жаңақала аудандық мәслихатының 2014 жылғы 13 наурыздағы № 16-2 " Жаңақала ауданында аз қамтамасыз етілген отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшерін және тәртібін айқындау қағидасын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облысы Жаңақала аудандық мәслихаттың 2014 жылғы 25 маусымдағы № 19-3 шешімі. Батыс Қазақстан облысы Эділет департаментінде 2014 жылғы 11 шілдеде № 3584 болып тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Жаңақала аудандық мәслихатының 2020 жылғы 20 ақпандағы № 43-1 шешімімен

Ескеरту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Жаңақала аудандық мәслихатының 20.02.2020 № 43-1 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы ", 1997 жылғы 16 сәуірдегі "Тұрғын үй қатынастары туралы" Зандарына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2314 " Тұрғын үй көмегін көрсету ережесін бекіту туралы" қаулысына сәйкес аудандық мәслихат **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Жаңақала аудандық мәслихатының 2014 жылғы 13 наурыздағы № 16-2 " Жаңақала ауданында аз қамтамасыз етілген отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшерін және тәртібін айқындау қағидасын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3480 тіркелген , 2014 жылғы 12 сәуірдегі "Жаңарған өңір" газетінде жарияланған) шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Жаңақала ауданындағы аз қамтамасыз етілген отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшерін және тәртібін айқындау қағидасында:

5 тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"Тұрғын үй көмегі жарты жылдық бойына алты ай мерзімге, жарты жылдық алдындағы шығыстар өткен тоқсанға немесе өткен тоқсандағы кіріс бойынша қызметтер толық көлемде көрсетілген соңғы тоқсанға есептелсін, егер ағымдағы тоқсанда тарифтерде өзгерістер болса, онда ағымдағы тоқсан тарифтері бойынша тағайындалады.

Жаңа мерзімге көмекті ресімдеу ресімдеудің алғашқы процедурасына ұқсас. Тұрғын үй көмегі тағайындау оны алуға етініш берген айдан бастап ағымдағы жартыштықтың соңына дейінгі мерзімге жүзеге асырылады. Отініш берген ай деп құжаттарын қосып өтініш берген ай есептеледі.".

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрагасы

Аудандық маслихат хатшысы

C. Жардемалиев

З. Сисенгали

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК